



**Ел байлығы – халық игілігіне!**

Қазақстан Халық партиясының  
сайлауалды бағдарламасы

Сайлаушыларға үндеу.....	2
Біз Парламентте не істедік?.....	5
Біздің мақсатымыз.....	6
Біздің құндылығымыз.....	7
1. Әділ еңбек – лайықты жалақы.....	8
2. Еңбек адамын қорғаймыз.....	10
3. Әйелдер Қазақстанды жақсы жаққа өзгертеді.....	12
4. Қарт адам лайықты өмір сүруі тиіс.....	13
5. Біз әртүрліміз, бірақ теңбіз.....	14
6. Денсаулық сақтау – әлеуметтік саясаттың негізгі басымдығы.....	17
7. Қолжетімді білім – болашаққа салынған инвестиция.....	20
8. Жастар – елдің басты капиталы.....	22
9. Әралуандықтағы бірлік.....	23
10. Әділ сот және заң үстемдігі.....	25
11. Азаматтардың қауіпсіздігі және заманауи құқық қорғау жүйесі.....	27
12. «Таза Қазақстан» – таза орта.....	29
13. Әрбір өңір үшін тең мүмкіндіктер.....	32
14. «Ақтаңдақсыз» инфрақұрылым.....	34
15. Жергілікті өзін-өзі басқару нақты мәселелерді шешуі тиіс.....	37
16. Мемлекеттік басқару түсінікті әрі тиімді болуы тиіс.....	39
17. Экономика әрбір адам үшін жұмыс істеуі тиіс.....	41
18. Технологиялық революция.....	44
19. Қазақстан әлемдік қоғамдастықта.....	45
Қорытынды.....	47

## **Сайлаушыларға үндеу**

### **Құрметті Қазақстан азаматтары!**

Біздің ел жаңа тарихи кезеңге қадам басты. Оның негізі – мемлекеттің бүкіл құрылымын жаңаша пайымдайтын жаңа Конституция. Басқару жүйесі жаңарып, өкілді институттардың рөлі күшейіп, ауқымды саяси және экономикалық реформалар жалғасуда.

Жаңа саяси жүйеге көшу барысында еліміз уақыттың ауқымды сын-қатерлеріне де жауап беруі тиіс. Бізді дәстүрлі, жаңартылатын және атом энергетикасын дамыту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту, су қауіпсіздігін қамтамасыз ету, білім беру мен денсаулық сақтау сапасын арттыру, экономикалық өсудің жаңа орталықтарын қалыптастыру бағытында ауқымды жұмыс күтіп тұр.

Жаңа дәуірдегі ең үлкен тапшылық – ресурстардың немесе капиталдың жетіспеуі емес. Ең үлкен тапшылық – адамдар, олардың кәсіби біліктілігі, ортақ мақсат жолында топтаса білуі, дұрыс шешім қабылдап, жауапкершілік алуы және бастаған ісін соңына дейін жеткізуі.

Қазақстан Халық партиясы қоғамға адал қоғамдық келісім ұсынады: еңбек лайықты табыс әкелуі тиіс, отбасы мемлекет қорғауында болуы керек, әрбір өңірдің дамуға мүмкіндігі болуы қажет, ал мемлекет қабылдаған шешімдерінің сапасына жауап беруге міндетті.

### **Бұл келісім қазіргі заманғы қазақстандық социализм идеясына негізделеді.**

Біздің социализм – әлеуметтік масылдықты қолдау емес. Бұл – адал еңбек қорғалатын, ал ұлттық байлық ел азаматтарының басым бөлігінің игілігіне қызмет ететін әділ қағидалар жүйесі.

Жаңа геосаяси және экономикалық жағдайлар батыл шешімдерді талап етеді. Қазақстанға әлеуметтік әділеттілік қағидаттарына сүйенген мемлекеттік басқару жүйесі мен экономиканы түбегейлі жаңғырту қажет. Біз Әділетті Қазақстан құру жолын белсенді түрде жалғастыруымыз керек. Онда әрбір азамат өзін қорғалған, қоғамға қажет әрі болашағына сенімді сезінуі тиіс.

Барлық реформалардың басты өлшемі – азаматтардың әлауқатының артуы болуы керек.

Біз үшін әлеуметтік әділеттілік қарапайым әрі нақты сұрақтардан басталады:

Адамның бір ай еңбек еткеннен кейінгі жалақысы өмір сүруге жете ме?  
Отбасы тұрғын үйге, азық-түлікке және дәрі-дәрмекке ақы төлей ала ма?  
Ауылда немесе қаланың шағын ауданында мектеп, аурухана, таза ауыз су, көлік және қауіпсіз көше бар ма?

Ауыл жастары таныс-тамырсыз жұмысқа орналаса ала ма?  
Егде жастағы адам алаңсыз өмір сүре ала ма, ал мүгедектігі бар азамат күн сайын кедергілермен күреспей, білім алып, еңбек ете ала ма?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы Жолдауында: «Экономикалық өсім әлеуметтік теңсіздіктің азаюымен және орта таптың нығаюымен қатар жүруі тиіс», – деген болатын.

Біздің бағдарлама осы мақсатқа жетуге бағытталған нақты шешімдерді ұсынады: халықтың табысын арттыру, медицина мен білім беру сапасын жақсарту, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және инфрақұрылымды дамыту.

Адам Смит: «Егер қоғамдағы азаматтардың басым бөлігі кедей әрі бақытсыз болса, ондай қоғамды гүлденген деуге болмайды», – деп жазған. Ал Франклин Рузвельт: «Прогрестің өлшемі – ауқатты адамдардың байлығын көбейту емес, мұқтаж жандарға жеткілікті мүмкіндік бере алуда», – деп айтқан.

Бұл ойлар Қазақстан үшін де өзекті. Елдің дамуы макроэкономикалық есептерде ғана емес, халықтың басым бөлігінің күнделікті өмірінде айқын көрінуі тиіс.

Біздің бағдарламамызда адамдардың өмір сапасын нақты жақсартатын шаралар ұсынылған. Біз мұны қалай жүзеге асыру керектігін білеміз.

Мұнда айтылған ұсыныстардың бірқатары қарапайым болып көрінуі мүмкін. Бірақ дәл осындай нақты қадамдар азаматтардың өмірін жақсартуға мүмкіндік береді.

## Біз Парламентте не істедік?

Құрылтай сайлауына қандай бағдарламамен баратынымызды айтпас бұрын, біз сайлаушылар алдында Мәжілісте атқарған жұмысымыз туралы ашық есеп беруді жөн санаймыз.

2023 жылдан бері Қазақстан Халық партиясының Мәжілістегі фракциясы мынадай нәтижелерге қол жеткізді:

Құрылтай сайлауына қандай бағдарламамен баратынымызды айтпас бұрын, біз сайлаушылар алдында Мәжілісте атқарған жұмысымыз туралы ашық есеп беруді жөн санаймыз.

2023 жылдан бері Қазақстан Халық партиясының Мәжілістегі фракциясы мынадай нәтижелерге қол жеткізді:

- 7 заң жобасына бастамашылық етті, оның екеуіне Мемлекет басшысы қол қойды, тағы үшеуі сараптамадан өтуде;
- басқа партиялардың фракцияларымен бірлесіп, жалпы саны 30 заң жобасын әзірледі;
- 155 депутаттық сауал жолдады;
- заң жобаларына 3 217 түзету енгізді;
- 38 дөңгелек үстел мен 16 сарапшылық кездесу ұйымдастырды.

Алғаш рет Қазақстан Халық партиясының фракциясы парламенттік оппозиция ретінде «Қазақстандағы жеке сот орындаушылары институтының даму мәселелері мен перспективалары» тақырыбында Үкімет сағатын өткізді.

VIII шақырылым кезеңінде Қазақстан Халық партиясының депутаттары еліміздің барлық өңірлерін аралап, 700-ге жуық кездесу өткізді. Оларға 15 мыңнан астам азамат қатысты.

Егер бізге бұдан да зор сенім артсаңыздар, Құрылтайдағы

фракциямыз күшейіп, ел азаматтары үшін бұдан да көп игі іс атқарамыз.

## **Біздің мақсатымыз**

Саясат ең алдымен: «Біз қандай мемлекет құрғымыз келеді?» деген басты сұраққа жауап беруі тиіс. Біздің ортақ мақсатымыз – қуатты, әділетті әрі бәсекеге қабілетті Қазақстан қалыптастыру.

Қазақстан Халық партиясы елдің дамуы алты негізгі міндетке негізделуі тиіс деп санайды.

Біріншісі – қоғамдық бірлікті, этносаралық келісімді нығайту, бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Екіншісі – қоғам алдындағы міндеттемелерін мүлтіксіз орындайтын, іс-әрекеті болжамды және сенімді мемлекет қалыптастыру.

Үшіншісі – заң алдында барлығының теңдігін қамтамасыз ететін әділетті құқықтық жүйе құру.

Төртіншісі – білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт арқылы адам капиталын дамыту.

Бесіншісі – азаматтардың әл-ауқатының тұрақты өсуін қамтамасыз ететін мүмкіндіктер экономикасын қалыптастыру.

Алтыншысы – білімге, технологияларға және жасанды интеллектке негізделген болашақтың экономикасын дамыту.

Қазақстан Халық партиясы жаңа дәуір жаңа құзыреттерді талап ететініне сенімді. Елімізге күрделі жобаларды басқара алатын, заманауи экономиканы дамытатын, озық технологияларды енгізетін және нақты нәтижеге қол жеткізетін мамандар қажет.

Сондықтан Қазақстан Халық партиясы кәсіпкерлерді, инженерлерді, дәрігерлерді, педагогтерді, ғалымдарды, өңірлердің өкілдерін, цифрлық экономика саласының мамандарын және қоғамның көшбасшыларын біріктіретін ортаға айналуда.

Біз ХХІ ғасырда Қазақстанның табысты болуының басты шарты –

кәсібилік пен құзыреттілік екеніне кәміл сенеміз.

## **Біздің құндылығымыз**

Кез келген саяси бағдарлама құндылықтан басталады. Мемлекеттің қабылдайтын шешімдері мен қоғамның дамуының бағытын дәл осы құндылық айқындайды.

Қазақстан Халық партиясы өз бағдарламасын бес негізгі қағидатқа негіздейді:

1. Әділеттілік;
2. Жасампаздық;
3. Құзыреттілік;
4. Бірлік;
5. Әлемге ашықтық.

Дәл осы қағидаттардың үйлесімі үлкен өзгерістер дәуірінде еліміздің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

## 1. Әділ еңбек – лайықты жалақы

Қазақстан Халық партиясы ең төменгі жалақыны белгілеу тәсілін қайта қарауды ұсынады. Ол медианалық еңбекақымен, күнкөріс деңгейімен және өмір сүрудің нақты құнымен байланысты болуы тиіс.

Халықаралық еңбек ұйымы лайықты еңбекті әділ табыспен, жұмыс орнындағы қауіпсіздікпен, сондай-ақ қызметкер мен оның отбасының әлеуметтік қорғалуымен байланыстырады. Қазақстан үшін бұл еңбек саясатының нормасына айналуы қажет.

### **Біз ұсынамыз:**

- ең төменгі жалақыны (ЕТЖ) нақты күнкөріс деңгейіне теңестіруді;
- Халықаралық еңбек ұйымының стандарттары бойынша инфляцияны ескере отырып, ЕТЖ-ны жүйелі түрде қайта қарап отыруды;
- өңірлер мен салалар бойынша жұмыс істейтін кедей халықтың үлесіне жыл сайын бағалау жүргізуді;
- ірі компаниялар мен квазимемлекеттік сектордағы төмен жалақы алатын жұмыс орындары бойынша жария есептілікті енгізуді;
- бизнестің мемлекеттік қолдау мен мемлекеттік сатып алуларға қол жеткізуінің басты критеріі ретінде қызметкерлерді ресми түрде жұмыспен қамту, оларды толық әлеуметтік қорғаумен қамтамасыз ету, базалық қауіпсіздік пен лайықты еңбекақы шарттарын орындауын бекітуді;
- табысы аз жұмыс істейтін отбасыларды қолдау тетіктерін енгізуді: атаулы салықтық жеңілдіктер, субсидиялар және қолжетімді қайта оқыту бағдарламалары;

- еңбек және еңбекақы төлеуге қатысты халықаралық конвенциялардың орындалуы туралы мемлекеттің тұрақты есеп беруін енгізуді;

- мерзімнен тыс жұмыстар, түнгі аусымдар және зиянды еңбек жағдайлары үшін ақы төленуін бақылауды күшейтуді.

## 2. Еңбек адамын қорғаймыз

Қазақстан Халық партиясы еңбекті қорғау мемлекеттің күнделікті міндетіне айналуы тиіс деп санайды. Қызметкер жұмыс берушімен жеке дара тартысқа түспеуі керек. Оны заң, кәсіподақ, еңбек инспекциясы және сот қорғауға міндетті.

Президент 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялады. Бұл шешім лайықты жалақы, қауіпсіздік, оқыту және мансаптық өсу арқылы еңб

екке деген шынайы құрметті арттыруға бағытталған.

### **Біз ұсынамыз:**

- өңірлердегі еңбек инспекцияларының рөлін күшейтуді;
- «жалдамалы» еңбекке – әлеуметтік пакетті төлемеу және жалақыны төмендету мақсатында ұйымдастырылатын делдалдар арқылы жұмыс істеуге тыйым салуды;
- ірі кәсіпорындарды өндірістік жарақат алу бойынша мәліметтерді ашық көрсетуге міндеттеуді;
- жұмысыздарды қайта оқыту бағдарламаларын күшейту және оларға тапшы мамандықтарды енгізуді;
- компанияларды жекешелендіру кезінде қызметкерлер құқықтарының сақталуын бақылауды күшейтуді – әлеуметтік кепілдіктер, өтпелі кезеңде жұмыс орнын сақтау және қайта оқытуды қаржыландыру бизнес үшін міндетті шартқа айналады;
- көлеңкелі жұмыспен қамту және «конверттегі жалақымен» күресті күшейтуді;

- өндірістегі жарақаттар мен жазатайым оқиғалардан сақтандыруды ынталандыруды;
- онлайн-платформа қызметкерлері – таксистер, курьерлер мен фрилансерлер үшін «цифрлық кәсіподақтарды» заңдастыруды;
- мемлекетті уақытша статистикалық жұмыспен қамтудың орнына тұрақты жұмыс орындарын құруға қайта бағыттауды;
- зейнеткерлікке шығу алдындағы және зейнет жасындағы адамдардың қайта даярлықтан өтіп, «екінші мансабын» бастау мүмкіндігіне ие болуы үшін «Күміс университеттер» бағдарламасын өзірлеуді;
- интернет-платформалардың өз қызметкерлері үшін табыстарды заңдастыру және зейнетақы аударымдарын жасау жөніндегі міндеттемелерін кеңейтуді;
- тәуелсіз кәсіподақтар мен ұжымдық шарттарды қолдауды.

### **3. Әйелдер Қазақстанды жақсы жаққа өзгертеді**

Қазақстан Халық партиясы әйелдер үшін еңбекте, отбасында, бизнесте және басқару ісінде тең мүмкіндіктер саясатын ұсынады. Әйелдің экономикалық дербестігі отбасын нығайтады. Мемлекет әйелдердің жұмыс істеуіне, білім алуына, бизнес ашуына және шешімдер қабылдауға қатысуына кедергі келтіретін тосқауылдарды азайтуы тиіс.

#### **Біз ұсынамыз:**

- тең еңбек үшін тең төлем жасауды;
- үйдің және жұмыстың жанынан қолжетімді балабақшалар ашуды;
- әйелдер кәсіпкерлігін қолдауды;
- әйелдерді жаңа мамандықтарға қайта оқытуды;
- әйелдердің мәслихаттарға, қоғамдық кеңестерге және басқа да басқару органдарына қатысуын арттыру – олардың квоталарын жастар мен ерекше қажеттіліктері бар адамдардан бөлек, дербес ұлғайтуды.

## 4. Қарт адам лайықты өмір сүруі тиіс

Қазақстан Халық партиясы лайықты қарттық бағдарламасын ұсынады. Егде жастағы адам аурумен, кедейлікпен, алаяқтармен және цифрлық кедергілермен жалғыз қалмауы керек.

### Біз ұсынамыз:

- кірісті арттыру мақсатында зейнетақы қорларына арналған құралдарды кеңейтуді;
- зейнетақыны нақты инфляцияны ескере отырып индекстеуді;
- дәрі-дәрмектердің және профилактикалық медицинаның қолжетімділігін қамтамасыз етуді;
- қарт адамдар уақыт өткізіп, күндіз күтім ала алатын күндізгі орталықтар құруды;
- егде жастағы адамдарды алаяқтықтан қорғауды күшейтуді;
- қарт адамдарға цифрлық қызметтерді алу кезінде көмек көрсетуді;
- жұмысын жалғастырғысы келетіндерді жұмыспен қамтуды;
- күрделі әрі қажытатын қағазбастылықсыз, жеңілдетілген жүйе бойынша денсаулық жағдайына байланысты зейнетке ерте шығуды енгізуді;
- өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін зейнетақы жинақтарының арнайы бағдарламасын әзірлеуді;
- әлеуметтік көмекшілердің жалақысын арттыруды;
- белсенді ұзақ өмір сүру клубтарының санын көбейтуді.

## 5. Біз әртүрліміз, бірақ теңбіз

Қазақстан Халық партиясы қолжетімді орта, білім беру және жұмыспен қамту арқылы инклюзияны дамытуды ұсынады. Мүгедектігі бар адам кездейсоқ көмекке тәуелді болмай, оқуға, жұмыс істеуге және қоғам өміріне араласуға мүмкіндік алуы тиіс.

### Біз ұсынамыз:

- ана мен баланы мүгедектікке әкеп соқтыратын ауыр ауруларды ерте диагностикалау мен анықтауға бағытталған міндетті скрининг енгізуді және кейіннен тегін оңалтуды қамтамасыз етуді;
- өмірдің алғашқы айларында даму ерекшеліктерін анықтау, балаға дефектологиялық көмек көрсету және ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету үшін әрбір аудан орталығында мемлекеттік ерте араласу орталықтарының желісін құруды;
- Үкімет қабылдаған мемлекеттік стандарт аясында өмірдің әртүрлі салаларында (білім беру, спорт және т.б.) кәсіби тьюторлар институтын қалыптастыруды.
- мемлекеттік бюджет есебінен жалпы білім беретін мектептердегі әрбір ерекше баланы білікті ілесіп жүрушімен (тьютормен) қамтамасыз етуді;
- инклюзияны қолдау кабинеттерін (ИҚК) құруды және оларды мемлекеттік қаржыландырумен қамтамасыз етуді;
- ерекше қажеттіліктері бар баланың ата-анасына немесе қамқоршысына әлеуметтік қызметкер және/немесе жеке көмекші мәртебесін беруді, оларға толыққанды жалақы төлеуді, әлеуметтік аударымдарды (БЖЗҚ, МӘМС және т.б.) жүргізуді, сондай-ақ бұл қызметті еңбек өтіліне есептеуді;

- мүгедектігі бар балалардың ата-аналары мен қамқоршыларын қолдауға, олардың эмоционалды және физикалық тұрғыдан қажып кетуінің алдын алуға бағытталған психологиялық көмек көрсету және санаторийлік-курорттық емдеудің мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеуді;

- дәрі-дәрмекке, арнайы тағамға, емдеуге, оңалтуға және басқа да қажетті шығындарды ескере отырып, мүгедектік бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мен ерекше қажеттіліктері бар балаға күтім жасағаны үшін берілетін жәрдемақы мөлшерін ұлғайтуды;

- ауыр, емделмейтін аурулары бар мүгедектігі бар адамдарға олардың мәртебесін растау үшін жүйелі түрде өуре-сарсаңға салатын бюрократиялық қайта куәландыру рәсімдерін өткізбей-ақ, өмір бойына мерзімсіз мүгедектік мәртебесін беруді.

- мектепке дейінгі, мектеп, орта және жоғары білім беру мекемелерін салу кезінде мүгедектігі бар білім алушылардың қажеттіліктеріне жағдайды міндетті түрде бейімдеуді (лифтілер, пандустар, тактильді жолдар, арнайы санитарлық тораптар және т.б.) қарастыратын қатаң ережелер мен стандарттарды енгізуді және осы нормалар сақталмаған жағдайда ғимараттарды пайдалануға қабылдамауды;

- коммерциялық және мемлекеттік объектілер үшін мүгедектігі бар азаматтарға қолжетімділіктің болмағаны үшін, тіпті лицензиясынан айыруға және/немесе объектінің жұмысын тоқтата тұруға дейінгі елеулі айыппұл санкцияларын енгізуді;

- қоғамдық көлікті, оның ішінде теміржол көлігін де, мүгедектігі бар адамдардың, сондай-ақ қозғалысы шектеулі азаматтардың қажеттіліктеріне бейімдеуді;

- республиканың әрбір салыстырмалы түрде ірі елді мекенінде қолжетімді әрі жедел қызмет көрсететін инвотакси қызметін ұйымдастыруды;

- кәсіпорындардағы жұмыс орындарын квоталау жүйесін реформалауды;
- мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша белгілеген квоталарды орындамайтын жұмыс берушілерге салынатын айыппұл мөлшерін бірнеше есе арттыруды;
- мүгедектігі бар қызметкерлер үшін нақты, арнайы жабдықталған және бейімделген жұмыс орындарын құратын жұмыс берушілерге салықтық жеңілдіктер мен субсидиялар беру жүйесін енгізуді.
- мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балалардың ата-аналарына, сондай-ақ штатында мүгедектігі бар қызметкерлерді жұмыспен қамтитын жұмыс берушілерге бизнес ашу үшін жеңілдетілген несие беру және/немесе гранттар ұсыну бағдарламаларын әзірлеуді;
- ірі қалаларда мүгедектігі бар адамдардың және олардың қоғамдық бірлестіктерінің кәсіпкерлік қызметін дамыту үшін кеңсе және өндірістік үй-жайлармен қамтамасыз етілген мамандандырылған бизнес-инкубаторлар құруды.

## **6. Денсаулық сақтау – әлеуметтік саясаттың негізгі басымдығы**

Халық партиясы денсаулық сақтау саласын әлеуметтік саясаттың негізгі басымдығы деп есептейді. Себебі сапалы медициналық қызметсіз өзге барлық әлеуметтік бастамалар мен реформалардың маңызы мен тиімділігі төмендейді. Мықты денсаулық сақтау жүйесі – бұл тек ауруды емдеу ғана емес. Ұлт саулығы елдің өмір сүру сапасын, демографиясын және болашағын айқындайды. Бүгінгі таңда халық тұрғылықты жері мен табыс деңгейіне қарамастан, сапалы медицинаның нақты қолжетімді болуын күтіп отыр.

Халық партиясының ұстанымы қатаң: адам денсаулығын түзеу үшін мал-мүлкін сатпауы тиіс. Біздің міндетіміз – денсаулық сақтау саласы науқас үшін жасырын кедергілерсіз, кадр тапшылығынсыз, қолжетімсіз дәрі-дәрмек және бақылаусыз шығындардан тыс жұмыс істейтін жүйе құру.

### **Біз ұсынамыз:**

- жасанды интеллектіні қолдана отырып, медициналық қызметтердің сапасын бақылаудың ұлттық цифрлық жүйесін енгізуді;
- тексерулердің, тағайындаулар мен емдеудің толық әрі ашық тарихы қамтылған, түзетулер мен жалған мәліметтер енгізуге жол бермейтін науқастың бірыңғай цифрлық кабинетін құруды;
- Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының (ӘМСҚ) «қаржы сапаға қарай бағытталады» қағидаты бойынша жұмыс істеу тәжірибесін енгізуді;

- негізгі назарды асқынған ауруларды емдеуден оларды ерте анықтауға және халыққа медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз етуге аударуды;

- ауылдық жерлер мен шалғай аудандар үшін мобильді диагностикалық кешендерді іске қосуды;

- МӘМС (міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру) және ТЕГКӨМ (тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі) пакеттері шеңберінде балалар, жүкті әйелдер және қарт адамдар үшін тегін тексерулер тізбесін кеңейтуді;

- ауылдық жерлердегі дәрігерлердің жалақысын арттыруды;

- медицина қызметкерлеріне міндетті түрде қызметтік тұрғын үй, көтерме жәрдемақы, мемлекеттік гранттар мен жеңілдігі бар ипотека беруді;

- түлектерді міндетті түрде жұмысқа орналастыра отырып, өңірлер үшін медициналық кадрларды мақсатты түрде даярлау жүйесін құруды;

- отандық фармацевтика өнеркәсібін дамыту бағдарламаларын әзірлеуді;

- дәрі-дәрмек пен медициналық жабдықтарды мемлекеттік сатып алу кезінде қазақстандық өндірушілерге басымдық беруді;

- өмірлік маңызы бар дәрі-дәрмектердің стратегиялық резервін құруды;

- әлеуметтік маңызы бар препараттардың бағасына қатаң бақылау орнатуды;

- дәрігерлерді артық қағазбастылықтан арылтуды;

- дербес медициналық ескертулердің цифрлық жүйесін енгізуді;

- инсульттен, жарақаттардан және оталардан кейінгі қалпына келтіру емін жүргізетін орталықтар желісін дамытуды;

- дәрі-дәрмектің қолжетімділігіне ашық онлайн-мониторинг жүргізуді;

- азаматтар үшін барлық негізгі медициналық қызметтердің онлайн режимде қолжетімді болуын қамтамасыз етуді;
- ӘМСҚ шығындарының толық цифрлық ашықтығын қамтамасыз етуді;
- жоғары және техникалық-кәсіптік білім беру мекемелеріне гранттарды өңірлер бөлінісінде, мамандық бейіндері бойынша сұранысқа сай қатаң бөлу және бөлінген гранттар бойынша жұмысқа орналасуды қатаң бақылауды;
- халық арасында денсаулық сақтау мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын қайта жандандыруды.

## 7. Қолжетімді білім – болашаққа салынған инвестиция

Қазақстан Халық партиясы білім беруді тең мүмкіндіктерге жеткізетін басты жол деп санайды. Мектеп тек ауылдың, шағын қаланың және табысы төмен отбасының баласы мегаполистегі баладан кем емес білім алғанда ғана әлеуметтік лифт ретінде жұмыс істейді.

Білім берудің міндеті – адамның әлеуетін ашу және оны тез өзгеріп жатқан әлемде өмір сүруге дайындау. Біз ХХІ ғасырда адам капиталының сапасы елдің бәсекеге қабілеттілігінің басты факторына айналатынына сенімдіміз.

### **Біз ұсынамыз:**

- ауылдық және шағын жинақты мектептерге көбірек ресурс бағыттауды;
- білім беру бағдарламаларындағы олқылықтарды жүйелі түрде анықтап отыруды;
- мектеп кабинеттерін, зертханаларын және цифрлық инфрақұрылымды тұрақты түрде жаңартып отыруды;
- мектептер жұмысының тиімділігін бағалайтын басты көрсеткіш ретінде оқушылардың нақты білімі мен халықаралық зерттеулердің (PISA) нәтижелерін бекітуді;
- жекеменшік балабақшаларға көрсетілетін мемлекеттік қолдау мен субсидиялар олардың жұмысының нақты сапасына тікелей байланысты болуы үшін Балабақшаларды тәуелсіз бағалаудың ұлттық жүйесін енгізуді;
- «Цифрлық ауыл мектебі» жобасын жаппай енгізуді: бұл – елдің үздік мұғалімдерінен қашықтан берілетін сабақтар, алдыңғы қатарлы білім беру платформаларына бірыңғай қолжетімділік және ауылдағы білім беру

мекемелерін тікелей қамқорлыққа алу;

- студенттердің іс-тәжірибесін қамтамасыз етуді, сондай-ақ озық оқыту әдістемелерін енгізу үшін орта мектептерді мемлекеттік педагогикалық жоғары оқу орындарының кураторлығына беруді;

- жоғары сынып оқушылары үшін оқу жоспарының бір бөлігін дербес қалыптастыруды және болашақ мамандығына қарай дайындық бейінін таңдау құқығын енгізуді;

- оқушылардың оқу жүктемесіне неғұрлым тиімді (рационалды) қарауды және басты назарды ақпарат көлеміне емес, білік пен дағдыларды қалыптастыруға аударуды;

- әдістемелік орталықтар бақылаушы органдар емес, педагогтардың нақты көмекшісіне айналуы үшін оларды Ы. Алтынсарин атындағы академияның басқаруына беруді;

- колледж студенттерінің стипендияларын және кәсіптік білім беруді қаржыландыру нормативтерін арттыруды;

- түлектердің мамандығы бойынша кепілді түрде жұмысқа орналасуы үшін колледждерді бейінді кәсіпорындардың басқаруына беру тәжірибесін енгізуді;

- еңбек нарығының нақты болжамы негізінде мемлекеттік білім беру тапсырысын (гранттарды) жетілдіруді;

- мемлекеттік гранттар бойынша міндетті жұмыспен өтеу мерзімін оңтайлы 2 (екі) жылға дейін қысқартуды;

- өңірлік жоғары оқу орындарын қолдаудың арнайы бағдарламаларын әзірлеуді және енгізуді;

- негізгі оқу пәндерінен үлгермей жатқан балаларға тегін репетиторлық көмек көрсету жүйесін дамытуды.

## 8. Жастар – елдің басты капиталы

Қазақстан Халық партиясы «Алғашқы мүмкіндік» бағдарламасын ұсынады. Жас азамат диплом алып қана қоймай, мамандығы бойынша еңбек жолын бастау мүмкіндігіне де ие болуы тиіс. Әрбір жас адам туған жеріне, отбасының табыс деңгейіне немесе тұрғылықты өңіріне қарамастан өз әлеуетін жүзеге асыра алуы керек. Елдің болашағы – жас ұрпаққа жасалған мүмкіндікпен айқындалады.

### **Біз ұсынамыз:**

- колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектері үшін ақылы тағлымдама енгізуді;
- кәсіпорындарда тәлімгерлік институтын дамытуды;
- жұмысшы мамандықтарына бөлінетін грант санын арттыруды;
- ауылдар мен шағын қалалардағы жас мамандарды қолдауды;
- балаларға арналған демалыс орталықтарын, оқушылар сарайларын және технопарктер салуды;
- жастар практикасын, тағлымдамаларды, дуальды білім беруді, субсидияланатын жұмыспен қамтуды, жастар кәсіпкерлігі мен стартаптарды қолдау бағдарламаларын кеңейтуді;
- мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордағы жастарға арналған лауазымдарға ашық конкурс өткізуді.

## 9. Әралуандықтағы бірлік

Тәуелсіз Қазақстанның басты жетістіктерінің бірі – адамдарды біріктіріп, елдер мен мәдениеттер арасында көпір орната алатын мемлекет ретіндегі беделін бекемдеуі болды.

Біз қазіргі әлемде сенім қалыптастырып, диалог жүргізе алатын мемлекеттердің маңызы арта түсетініне сенімдіміз. Қазақстан Халық партиясы бейбітшілік, өзара құрмет пен ынтымақтастық орнықты дамудың басты шарты деп санайды.

Әлемде қақтығыстар мен шиеленістердің деңгейі артып келеді. Осындай жағдайда Қазақстан өзара келісім мен құрметтің бірегей үлгісін сақтап, нығайтуы қажет. Бұған бір-біріміздің мәдениетіміз бен ерекшелігімізді құрметтеу арқылы ғана қол жеткізуге болады.

### **Біз ұсынамыз:**

- мемлекеттік тілді жан-жақты қолдауды. Тіл жасампаздық арқылы дамуы тиіс: мемлекет қазақ тіліндегі сапалы заманауи контенттің – киноның, әдебиеттің, анимацияның, білім беру жобаларының және т.б. басты тапсырыс берушісі болуы керек;

- Қазақстанның көпұлтты халқының басқа да тілдерін дамыту үшін лайықты жағдай жасауды;

- ЮНЕСКО тізілімдеріне енгізу үшін әлеуетті қазақстандық нысандарды – ескерткіштерді, табиғи аумақтарды, материалдық емес мәдени мұраларды ілгерілетуді;

- заманауи визит-орталықтары бар «Бозоқ» ұлттық паркін құруды аяқтауды;

- музейлердегі мәдени мұрамызды цифрландыруды, сондай-ақ

сәулет ескерткіштерін 3D-сканерлеуді;

- жыл сайынғы Орталық Азия заманауи өнер көрмесін өткізуді;

- қазақ халқының тарихын кеңінен насихаттауды және жастарды оны зерделеуге тартуды;

- Ұлттық заманауи өнер қорын құруды;

- кинопрокатты бақылаудың қатаң цифрлық жүйесін енгізуді;

- қазақ тіліне дубляждалатын әлемдік отбасылық және анимациялық фильмдердің санын арттыруды;

- тарих және мәдениет ескерткіштерін реставрациялауды (қалпына келтіруді) жеделдетуді;

- тарихи-мәдени мұра нысандарын еліміздің бірыңғай туристік инфрақұрылымына қосуды.

## 10. Әділ сот және заң үстемдігі

Қазақстан Халық партиясы экономикалық реформалардың да, ұлттық жобалардың да, мемлекеттік бағдарламалардың да табысты болуы заң мен сот жүйесіне деген сенімге тікелей байланысты деп есептейді. Заң үстемдігі – мемлекеттің тұрақты дамуының іргетасы.

Азаматтар мемлекет олардың құқығын қорғайтынына сенімді болуы тиіс. Заң шенеунікке де, банкирге де, ірі бизнес иесіне де, қарапайым азаматқа да бірдей қолданылуы қажет.

### **Біз ұсынамыз:**

- сот тәжірибесінің бірізділігін дамытуды және сот шешімдерінің сапасын арттыруды;
- сот ісін жүргізуге жасанды интеллект технологияларын енгізуді;
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске кешенді ревизия жүргізіп, жаза жүйесін қайта қарауды;
- жеке адамға, оның қауіпсіздігі мен қадір-қасиетіне қарсы құқық бұзушылық, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін әрекет үшін жауапкершілікті күшейтуді;
- соттардың жүктемесі жоғары өңірлерде судьялардың санын көбейтуді;
- азаматтық және әкімшілік дау бойынша тегін заң көмегі жүйесін кеңейтуді;
- алқабилер соты институтын дамытуды;
- мүлік пен тұрғын үйді алып қою кезінде соттың бақылауын күшейтуді;

- мүліктік дауларда тәуелсіз нарықтық бағалауды міндетті түрде ескеруді;
- азаматтарды заңсыз қарыз өндіруден және атқарушылық іс жүргізудегі теріс пайдаланудан қорғауды күшейтуді;
- мемлекеттік сатып алуға қатысатын компаниялардың бюджеті мен бенефициарлары туралы мәліметтерді міндетті түрде жариялауды;
- сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы хабарлаған азаматтарды марапаттаудың мөлшерін ұлғайтуды;
- заңсыз алынған активтерді қайтару бойынша міндетті жария есептілікті енгізуді.

## **11. Азаматтардың қауіпсіздігі және заманауи құқық қорғау жүйесі**

Қазақстан Халық партиясы қылмыспен күрес ең алдымен оның алдын алудан басталуы тиіс деп санайды. Қауіпсіздік – жарықтандырылған көше, өз жұмысын сапалы атқаратын учаскелік инспектор, мектеп психологы, отбасының қорғалуы, қайта құқық бұзуға бейім адамдарды бақылау және полицияның жедел әрекеті.

Қауіпсіздік – артықшылық емес, әрбір азаматтың құқығы болуы тиіс.

Қазақстан Халық партиясы полиция жұмысының басты өлшемі азаматтардың қауіпсіздік деңгейі болуы үшін нақты шара қабылдайды.

### **Біз ұсынамыз:**

- учаскелік полиция инспекторлары жұмысының сапасын арттыруды;
- жасөспірімдер қылмысының алдын алу бағдарламаларын дамытуды;
- зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге арналған дағдарыс орталықтарының желісін кеңейтуді;
- цифрлық сауаттылықты арттыру және алаяқтық схемаларды жедел бұғаттау арқылы интернет-алаяқтықпен күресуді;
- Ұлттық киберқауіпсіздік платформасын құруды;
- негізгі мемлекеттік деректерді ел ішінде сақтауды қамтамасыз етуді;
- мемлекеттік ақпараттық жүйелердің ақпараттық қауіпсіздігіне міндетті аудит жүргізуді және олардың резервтік көшірмелерін жасауды;
- жеке деректер операторларының (банктердің, мемлекеттік органдардың, компаниялардың және басқалардың) ақпараттың

таралуына қатысты жауапкершілігін күшейтуді;

- еліміздің барлық қалаларын қамтитын бірыңғай интеллектуалды бейнебақылау жүйесін енгізуді;

- полицияға түсетін жүктемені азайту үшін бұқаралық іс-шараларды бақылауға жеке күзет ұйымдарын тарту тәжірибесін енгізуді;

- жасанды интеллект негізінде цифрлық патрульдеу мен қылмысты болжау жүйесін енгізуді;

- учаскелік инспекторларға полицияның дерекқорларына қолжетімділік беруді;

- еліміздегі барлық мектептерді Ішкі істер министрлігінің Жедел басқару орталықтарына қосып, оларды кіріп шығудың заманауи бақылау жүйелерімен жабдықтауды;

- құқық бұзушылық қаупін азайту үшін аулалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, қажетті жерлерде жарықтандыру мен бейнебақылау орнатуды.

## 12. «Таза Қазақстан» – таза орта

Қазақстан Халық партиясы салдармен күресуден алдын алу шараларына көшуді ұсынады. Су тасқындары, өрттер, жер сілкіністері, инженерлік желілердегі апаттар мен құрғақшылық құтқару қызметтерінің әрдайым жоғары дайындықта болуын талап етеді.

Біз қоршаған ортаны қорғауды ұлттық қауіпсіздіктің басты басымдықтарының бірі ретінде қарастырамыз. Біздің міндетіміз – азаматтардың таза ауаға, таза суға және қауіпсіз өмір сүру ортасына деген құқығын қорғау.

### **Біз ұсынамыз:**

- әрбір аудан бойынша қауіп-қатерлер карталарын әзірлеуді;
- бөгеттердің, өзен арналарының, арықтардың, көпірлердің және басқа да ықтимал қауіпті нысандардың тұрақты тексерулерінің тиімділігін арттыруды;
- ауылдық елді мекендерде өрт қауіпсіздігі жүйелерін енгізуді;
- төтенше жағдайлар туындаған кезде пайдалануға арналған өңірлердегі техника мен жанар-жағармай қорының резервіне қойылатын талаптарды өзектендіруді.
- төтенше жағдайлар кезінде көмек көрсетуге, стратегиялық инфрақұрылым нысандарын қорғауға және басқа да міндеттерді орындауға арналған толыққанды аумақтық қорғаныс жүйесін қалыптастыруды;

- электр станцияларының, су қоймаларының, магистральдық құбырлардың, көлік тораптарының және цифрлық байланыс желілерінің қауіпсіздігін күшейтуді;

- балалар мен ересектерді ТЖ кезіндегі іс-қимылдарға жүйелі түрде оқытуды;

- ауаның ластану деңгейі жоғары барлық қалалардағы ірі жылу электр орталықтарын (ЖЭО) кезең-кезеңімен табиғи газға көшіруді;

- азаматтар үшін нақты уақыт режимінде ашық қолжетімді ауа сапасын онлайн бақылаудың бірыңғай жүйесін іске қосуды;

- «Қазгидромет» РМК бақылау бекеттерінің желісін кеңейтуді;

- су ресурстарын есепке алу, бөлу және тұтынуды бақылау мақсатында жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып, су ресурстарын басқарудың цифрлық платформаларын енгізуді;

- су шаруашылығы жүйесін цифрландыру деңгейін қазіргі 5%-дан ең жоғары мүмкін болатын көрсеткішке дейін арттыруды;

- еліміздегі барлық су айдындарының, бөгеттер мен гидротехникалық құрылыстардың жай-күйіне қоғамдық аудит жүргізуді;

- ірі кәсіпорындардың шығарындылары мен суды пайдалануы жөніндегі деректерді жариялай отырып, олар үшін міндетті экологиялық есептілікті енгізуді;

- су ысырабын азайтуға мүмкіндік беретін суару каналдарын күрделі бетондауды енгізуді;

- Балқаш көлінің экологиялық тұрғыдан тозуын (деградациясын) болдырмау үшін оған құятын су ағынының ең төменгі кепілді көлемін заңнамалық деңгейде бекітуді;

- иесіз қалған, өздігінен төгілетін артезиан ұңғымаларын консервациялауды (бейтараптандыруды) жүргізіп, үнемделген ресурстарды ауылдарды ауыз сумен қамтамасыз етуге және

жайылымдарды суландыруға бағыттауды;

- аграрлық сектор үшін суды тиімді пайдаланудың мемлекеттік стандартын енгізуді;

- өзендер мен су айдындарын экологиялық сауықтырудың бірыңғай стандарттарын енгізуді;

- шығарындылар деңгейі жоғары қалаларда ауа сапасын жақсарту жөніндегі шараларды күшейтуді.

### 13. Әрбір өңір үшін тең мүмкіндіктер

Қазақстан Халық партиясы өмір сүру сапасының өңірлік стандартын енгізуді ұсынады. Ол мектептегі білімге, білікті медициналық көмекке, абаттандырылған жолдарға, таза суға, тұрақты интернетке, сенімді көлік қатынасына, лайықты жалақысы бар жұмыс орындарына, сапалы әлеуметтік қызметтерге және қауіпсіз өмір сүру ортасына кепілдендірілген қолжетімділікті қамтуы тиіс.

Біз әрбір өңір орталықтан көмек күтетін аумақ емес, керісінше мүмкіндіктер кеңістігіне айналуы тиіс деп санаймыз.

Артта қалған аумақтар кіріс деңгейі, қызмет көрсету сапасы және инфрақұрылым бойынша мақсатты жұмысты қажет етеді. Сондықтан Қазақстан Халық партиясы өңірлерді дамытуды ұлттық басымдықтардың ең маңыздыларының бірі ретінде қарастырады.

#### **Біз ұсынамыз:**

- өңірдің артта қалуын тек ЖӨӨ бойынша ғана емес, сонымен қатар отбасы табыстары деңгейі бойынша да бағалауды;
- әрбір аудан бойынша базалық инфрақұрылым картасын жариялауды;
- кедейлік деңгейі жоғары және инфрақұрылымы әлсіз аудандарға инвестиция көлемін арттыруды;
- салықтардың жергілікті деңгейде қалдырылатын үлесін көбейтуді;
- өңірлердің ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір қала мен ауданның жеке даму бағдарламаларын әзірлеуді, оларды тек облыс деңгейінде ғана емес, нақты жергілікті деңгейде жоспарлауды;
- бюджеттік сала қызметкерлері мен мемлекеттік қызметшілердің

жалақысын есептеуде елді мекеннің көлемі, өңірі және жағдайына байланысты өңірлік коэффициенттер жүйесін қайта енгізуді;

- халқы 10 000 адамнан асатын 100-ден астам ауылды, жергілікті тұрғындардың мүддесін міндетті түрде ескере отырып және өңірлік коэффициенттер жүйесі енгізілгеннен кейін, қалалар санатына ауыстыру мүмкіндігін қарастыруды;

- интернетті азаматтардың базалық қажеттілігі ретінде қолжетімділігін қамтамасыз етуді;

- шекара маңындағы аудандар мен қалалардың дамуына қолдау көрсетуді.

## 14. «Ақтаңдақсыз» инфрақұрылым

Қазақстан Халық партиясы коммуналдық инфрақұрылымның жай-күйі туралы ашық есеп жүргізуді ұсынады.

Азаматтар қандай инженерлік желілер жөнделіп жатқанын, оған қанша қаражат бөлінгенін, мердігердің кім екенін және жұмыстың қашан аяқталатынын білуі тиіс. Энергетика саласы мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы тозған жылу электр орталықтары мен үздіксіз коммуналдық апат жағдайында монополистердің аса жоғары пайда табатын саласына айналмауы керек. Біз инфрақұрылымды дағдарыстық жағдайдан шығаруға міндеттіміз.

Тарифтер нақты міндеттемелермен байланысты болуы тиіс. Азаматтар жабдықтардың жаңартылғанын, қызмет сапасының артқанын және жауапкершіліктің күшейгенін көрмей тұрып, артық төлем төлемеуі тиіс. Қазақстан Халық партиясы барлық жылу электр станцияларын, электр желілерін және сумен жабдықтау жүйелерін ауқымды жаңғыртуды қамтамасыз етіп, әрбір теңгенің жұмсалыуына қатаң мемлекеттік бақылау орнатуға, көлеңкелі схемаларды жойып, инвестициялардың толық ашықтығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

### **Біз ұсынамыз:**

- энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаның іске асырылуына парламенттік бақылау енгізуді;
- жылу, электр, су құбыры және кәріз желілерінің тозу деңгейінің ашық картасын жасауды;
- ірі инфрақұрылымдық жобалардың сметаларын жариялауды;
- тарифтік инвестициялар бойынша міндетті есептілікті енгізуді;

- көмір негізіндегі экологиялық таза электр өндіруді дамытуды және жасыл энергетиканың үлесін кеңейтуді;
- атом энергетикасын дамыту арқылы елдің энергетикалық егемендігін нығайтуды;
- энергетика нарығындағы делдалдармен күресті күшейтуді;
- энергия шығыны төмен тұрғын үйлерге арналған жаңа стандарттарды енгізуді;
- агломерацияларда электр көлігі жүйелерін (LRT және метро) дамытуды;
- автомобиль жолдарындағы қауіпсіздік талаптарын күшейтуді;
- инфрақұрылым нысандарына берілетін кепілдік мерзімін 10 жылға дейін ұзартуды;
- құрылыс салушылардан алынған пәтерлерді есепке алу үшін орталықтандырылған Мемлекеттік әлеуметтік тұрғын үй қорын құруды;
- кейіннен сатып алу құқығымен қолжетімді жалдамалы тұрғын үй қорын кеңейтуді;
- құрылыс салушылардың азаматтардың қаражатын заңсыз тартқаны, заң талаптарын айналып өткені, тәуекелдерді жасырғаны, заңсыз құрылыс жүргізгені және жобалық құжаттаманы бұзғаны үшін жауапкершілігін айтарлықтай күшейтуді;
- мемлекеттік мұқтаждық үшін жылжымайтын мүлікті сатып алу кезінде тәуелсіз бағалау негізінде тек нарықтық құн бойынша толық өтемақы төлеу қағидатын қолдануды;
- жаңғырту кезінде «әр бөлмеге – бір бөлме және қосымша 10 шаршы метр» мемлекеттің кепілдігін енгізу, сондай-ақ толық өтемақы төленбейінше тұрғындарды көшіруге тыйым салу және өтемақы есептегенде қосымша құрылыстарды ескеруді;

- қалаларда шағын аудандық құрылыс қағидатын енгізуді, яғни жаңа тұрғын аудандары мектептеппен балабақшамен, емханамен және жолмен бірге пайдалануға беруді;

- аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, сапалы көгалдандыру және көшелерді қауіпсіз жарықтандыру бағдарламаларын кеңейтуді.

## 15. Жергілікті өзін-өзі басқару нақты мәселелерді шешуі тиіс

Қазақстан Халық партиясы шамадан тыс орталықтандыру елдің дамуын тежейді деп есептейді. Қазақстан – жер көлемі бойынша әлемдегі тоғызыншы мемлекет. Көптеген облыстарымыздың аумағы Еуропадағы ірі мемлекеттердің аумағымен шамалас. Осындай үлкен елді бір ғана орталықтан тиімді басқару мүмкін емес.

Сондықтан күшті өңірлер тиімді жергілікті өзін-өзі басқаруға, нақты өкілеттіктерге және қаржылық дербестігі бар жергілікті бюджеттерге сүйенуі тиіс.

Қазақстан Халық партиясы өңірлерге көбірек экономикалық еркіндік, жауапкершілік және өз даму басымдығын өзі айқындауға мүмкіндік беретін аумақтық дамудың жаңа моделін қолдайды.

Партия жергілікті өзін-өзі басқаруды нақты жұмыс істейтін тетік ретінде дамытуды ұсынады. Тұрғындар өз ауданы, ауылы, ауласы мен мектебінде болып жатқан өзгерістерге ықпал ете алуы тиіс.

Жергілікті өзін-өзі басқару инфрақұрылыммен, қауіпсіздікпен, спортпен, балалардың бос уақытын ұйымдастырумен және егде жастағы адамдарға көмек көрсетумен айналысуы қажет. Өйткені азаматтар мемлекетпен ең алдымен жергілікті атқарушы органдар арқылы байланысады.

### **Біз ұсынамыз:**

- мүлік иелері бірлестіктерін (МИБ) және бағбандық серіктестіктерді жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі буыны ретінде танып, оларға нақты өкілеттік беруді;
- республикалық бюджеттің қосымша кірістерінің бір бөлігін табысы

төмен, жұмыссыздық деңгейі жоғары және инфрақұрылымы жеткіліксіз өңірлерге бөлуді қамтамасыз ететін ашық бюджеттік формула әзірледі;

- бастамашыл бюджеттерді кеңейтуді;
- әлеуметтік қызметтердің бір бөлігін ашық конкурстар арқылы үкіметтік емес ұйымдарға беруді;
- жолдарды, мектептерді, ауруханаларды және коммуналдық желілерді жөндеуге қоғамдық бақылауды күшейтуді;
- ауылдық бастамаларды қолдауды;
- төртінші деңгейдегі бюджеттердің жобаларын талқылауға тұрғындарды тартуды.

## 16. Мемлекеттік басқару түсінікті әрі тиімді болуы тиіс

Президент 2023 жылғы Жолдауында Қазақстан экономикасының өзекті мәселелері ретінде шикізатқа тәуелділікті, еңбек өнімділігінің төмендігін, инновациялардың жеткіліксіздігін және табыстың біркелкі бөлінбеуін атады.

Қазақстан Халық партиясы жария нәтижелілік қағидатын ұсынады. Әрбір бюджеттік бағдарламаның нақты мақсаты, мерзімі, жауапты орындаушысы және әрбір азамат тексере алатын нәтижелік көрсеткіші болуы тиіс. Мемлекет қоғамдық қаражатты жұмсауда ең алдымен өзіне талап қоюы керек.

Бүгінгі күннің басты мәселелерінің бірі – көптеген шешімдердің қолмен басқаруға тәуелді болуы. Ережеден тыс ерекшеліктер көбейген сайын институттар әлсірейді. Жеке тәртіппен қабылданатын шешімдер артқан сайын мемлекеттік жүйеге деген сенім азаяды.

Қазақстан бұрын кездеспеген жаңа міндеттерді шешуі тиіс. Сондықтан мемлекеттік қызмет елдің ең білікті мамандары еңбек ететін салаға айналуы қажет. Қазақстан Халық партиясы меритократияны, кәсібилікті және құзыреттерді үздіксіз дамытуды қолдайды.

Қызметтік өсу еңбек өтіліне емес, нақты жұмыс нәтижесіне негізделуі тиіс.

### **Біз ұсынамыз:**

- мемлекеттік сатып алуларға қоғамдық бақылауды күшейтуді;
- реттеушілік әсерге тұрақты бағалау жүргізуді;
- маңызды заңнамалық актілер қабылданғаннан кейін бір жыл өткен соң олардың құқық қолдану тәжірибесін Құрылтайда талдауды;

- бәсекелі салалардағы квазимемлекеттік сектордың үлесін қысқартуды;
- Мемлекеттік цифрлық активтер қорын құруды;
- квазимемлекеттік сектордан түсетін дивидендтердің толық түсуіне қатаң бақылау орнатуды;
- артық әкімшілік рәсімдерді, қағазбастылықты және негізсіз келісу рәсімдерін «гильотина» қағидаты бойынша түбегейлі қысқартуды;
- мемлекеттік қызмет көрсету жүйесіндегі делдалдар мен олардың ашық емес схемаларын жоюды;
- мемлекеттік органдар қызметінің тиімділік көрсеткіштерін міндетті түрде жариялауды;
- ұлттық жобалар мен кешенді жоспарлардың орындалуына цифрлық қоғамдық бақылау жүйесін енгізуді;
- әкімдіктер мен орталық мемлекеттік органдардың тұрақты әрі сапалы жария есептілігін қамтамасыз етуді;
- мемлекеттік қызметшілердің тиімділігін нақты нәтижелер мен әлеуметтік сауалнамалар негізінде бағалау жүйесін енгізуді;
- азаматтар мен бизнеске арналған электрондық сервистердің саны мен сапасын арттыруды;
- мәслихаттардағы жария тыңдаулардың саны мен сапасын көбейтуді;
- онлайн-петицияларға қажетті қол қою шегін төмендетуді;
- Құрылтайдағы парламенттік тыңдаулардың санын арттыруды.

## 17. Экономика әрбір адам үшін жұмыс істеуі тиіс

Қазақстан Халық партиясы экономиканы тек ЖІӨ (жалпы ішкі өнім) көрсеткішімен ғана бағаламау керек деп санайды. Қазақстандықтар үшін медиандық жалақы, үй шаруашылықтарының табысы, тұрақты жұмыспен қамтылу, баға тұрақтылығы, баспана қолжетімділігі, коммуналдық төлемдер, несиелер, мектеп пен медицинаның сапасы маңызды.

Бірақ біз экономикалық саясаттың мақсаты бар байлықты қайта бөлісу емес, миллиондаған азамат үшін жаңа мүмкіндіктер жасау екенін есте сақтауымыз керек. Халық партиясы қуатты мемлекетті қолдайды. Алайда қуатты мемлекет дегеніміз экономиканың барлық секторына араласуға тырысатын мемлекет емес. Азаматтардың табысы инфляциядан жоғары өсуі үшін нақты экономикалық өсім мен даму қажет.

Табысты мемлекеттердің тарихы қоғамның тұрақтылығы мемлекеттік бағдарламалардың санымен емес, орта таптың қуатымен анықталатынын көрсетеді. Елде табысты кәсіпкерлер, білікті мамандар, инженерлер, дәрігерлер, мұғалімдер, фермерлер мен жұмысшы мамандықтарының өкілдері неғұрлым көп болса, мемлекет те соғұрлым қуатты болады.

### **Біз ұсынамыз:**

- елдегі экономикалық қызмет формаларының әртүрлілігін көрсету үшін кооперативтік және акционерлік меншік түрлерін қолдауға бағытталған заңнамалық базаны әзірлеуді;
- медиандық жалақыны экономикалық саясаттың басты бағдарларының біріне айналдыруды;

- уақытша емес, тұрақты жұмыс орындарын ашатын, сондай-ақ еңбекақысы жоғары өндірістерді қолдауды;

- шарттық қатынастарда адалдық және үстем жағдайды асыра пайдалануға жол бермеу принципін заңнамалық тұрғыдан дамытуды енгізуді;

- кәсіпкерлер мен фермерлерге экспортты кеңейтуге және табысты арттыруға мүмкіндік беру үшін өнім экспортына салынатын тыйымдар санын азайтуды;

- бизнесті қолдау шараларының тұрақты іске асырылуын қамтамасыз етуді, бұл ретте субсидиялар мемлекеттік органдардағы басшылықтың ауысуына тәуелді болмауы тиіс;

- техногендік минералдық түзілімдерге түгендеу жүргізуді және 1991 жылға дейін түзілген, мемлекетке тиесілі техногендік минералдық түзілімдерді игеру шарттарын әзірлеуді;

- геологиялық мәліметтердің құпиялылығын барынша мүмкін болатын шеңберде жоюды;

- тау-кен металлургия кешені өнімдерін экспорттау кезіндегі квоталардан бас тартуды;

- кәсіпорындар үшін «климаттық күн тәртібін» іске асыруды және ең үздік қолжетімді технологияларды енгізу тәсілдері мен мерзімдерін қайта қарауды;

- газ өндірісін арттыру үшін газ нарығын ырықтандыруды;

- ел экономикасының негізі ретінде мұнай-газ және тау-кен металлургия салаларын дамыту бойынша жеке ұлттық жобаларды әзірлеуді;

- геобарлау жұмыстарына мемлекеттік инвестицияларды арттыруды және жеке инвестицияларды ынталандыруды;

- жекелеген салаларды субсидиялаудан кәсіпкерлерге жалға беру

үшін инфрақұрылымы бар өнеркәсіптік аймақтарды қаржыландыруға көшуді;

- ауыл шаруашылығы кооперациясы үшін заңнамалық базаны кеңейтуді;

- отандық кәсіпорындардың өніміне кепілді сұранысты қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді оффтейк-келісімшарттарды енгізуді іске асыруды;

- несиелер бойынша кепілсіз қарыздар, автонесиелер мен ипотека бойынша шекті мөлшерлемені төмендетуді.

## 18. Технологиялық революция

Әлем ауқымы жағынан өнеркәсіптік революциямен, электр қуатының пайда болуымен және интернеттің таралуымен тең келетін өзгерістер дәуіріне қадам басып келеді. Жасанды интеллект жаңа өндіргіш күшке айналып жатыр.

Жаңа технологиялық дәуірдің мүмкіндіктерін пайдалана алатын мемлекеттер ондаған жыл бойы дамудың көшбасшысы болады. Халық партиясы Қазақстан солардың қатарында болуы тиіс екеніне сенімді.

### **Біз ұсынамыз:**

- «деректерді өңдеу орталықтарының алқабы» жобасын кеңейтуді;
- деректерді өңдеу орталықтарын (дата-центрлер) салу кезінде мемлекеттік қолдауды қамтамасыз етуді;
- жасанды интеллект жүйелерін оқыту үшін мемлекеттік органдардың құжаттамалары, мұрағаттар мен бұқаралық ақпарат құралдары негізінде лингвистикалық корпусы (мәтіндер базасын) қалыптастыруды;
- жасанды интеллект жүйелерін оқыту үшін мемлекеттік органдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының сурет және бейнематериалдары негізінде кескіндер мен видеолар корпусын (датасет) қалыптастыруды;
- қолда бар статистикалық деректер базасын цифрландыруды және машина оқи алатын күйге келтіруді;
- отандық нейрожелілерді әзірлеуді.

## 19. Қазақстан әлемдік қоғамдастықта

Қазақстан Халық партиясы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бейбітсүйгіш, прагматикалық және көп бағытты сыртқы саясатты жүргізу жөніндегі стратегиялық бағытын толықтай қолдайды. Бұл саясат республиканың халықаралық беделін, сондай-ақ әлемдік қоғамдастық тарапынан біздің егемендігімізге деген тұрақтылықты, орнықтылықты және құрметті қамтамасыз етеді.

Біз үшін ең ірі көршілеріміз Ресей және Қытай, Орталық Азия елдерімен және негізгі экономикалық серіктестерімізбен одақтастық әрі өзара тиімді қарым-қатынастарды дамыту стратегиялық басымдық болмақ. Бұл елдермен көлік, энергетика, өнеркәсіп және инвестициялық байланыстарды нығайту ұзақ мерзімді ұлттық мүдделерге сай келеді.

Сонымен бірге Қазақстан Америка Құрама Штаттарымен, Еуропалық Одақпен, Азия елдерімен және әлемнің басқа да мемлекеттерімен тең құқықты, прагматизм және өзара құрмет негізінде сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты белсенді дамытуы тиіс.

### **Біз ұсынамыз:**

- Транскаспий дәлізін дамытуды;
- транзиттік теміржол инфрақұрылымын жаңғыртуды;
- шекаралық өткелдердің өткізу мүмкіндігін кеңейтуді;
- транзиттік рәсімдерді цифрландыруды;
- консулдық қызметтердің көпшілігі онлайн форматқа өтетін заманауи консулдық жүйені құруды;
- шетелдегі азаматтарды қолдаудың бірыңғай цифрлық платформасын әзірлеуді;

- шетелдегі қазақ диаспорасы үшін білім беру бағдарламаларын кеңейтуді және мәдени орталықтар құруды;
- терроризмге, есірткі тасымалына, киберқылмысқа, адам саудасына және қаржылық қылмыстарға қарсы халықаралық ынтымақтастықты күшейтуді.

## **Қорытынды**

Біздің мақсатымыз – әрбір азаматқа лайықты жұмыс, әділ еңбекақы, қолжетімді тұрғын үй, сапалы медицина, кәсіби білім және болашаққа деген сенім сыйлайтын қуатты мемлекет қалыптастыру.

Біздің идеологиямыз – жауапкершілікке, әділеттілікке және дамуға негізделген заманауи қазақстандық социализм. Бұл – мемлекет пен халық арасындағы нақты қоғамдық келісім.

### **Қазақстан Халық партиясы төмендегіні қолдайды:**

- еңбек алыпсатарлықтан жоғары бағаланатын әділетті экономиканы;
- ешкім кедейлікпен, аурумен немесе жұмыссыздықпен жалғыз қалмайтын қуатты әлеуметтік саясатты;
- бюрократияға емес, адамға қызмет ететін мемлекет қағидатын;
- бизнеске, еңбек адамдарына және өңірлерге арналған әділ әрі ашық ойын ережелерін;
- Қазақстанның байлығы халықтың игілігіне және азаматтардың тұрмыс деңгейін арттыруға бағыттталатын тұрақты дамуды.

### **Қазақстан Халық партиясы сенеді:**

Қазақстан қуатты орта тап қалыптасқан, заманауи қалалары мен өркендеген ауылдары бар, мүмкіндіктерге жол ашылған және әлеуметтік әділеттілік салтанат құрған мемлекетке айналады.

### **Қазақстан Халық партиясы мынадай нәтижеге қол жеткізеді:**

- жас отбасылар баспаналы болып, балаларына лайықты тәрбие береді;

- зейнеткерлер құрметке кенеліп, бақуатты өмір сүреді;
- еңбек адамы әділ жалақы алып, әлеуметтік тұрғыдан қорғалады;
- өңірлер теңгерімді дамиды;
- азаматтардың табысы мен тұрғылықты жеріне қарамастан, медицина мен білім баршаға қолжетімді болады;
- заң баршаға бірдей қолданылады;
- елдің табиғи байлығы ұлттық дамуға қызмет етеді.

**Қазақстан Халық партиясы өз саясатын ынтымаққа, өзара құрметке және ортақ жауапкершілікке негіздеуді мақсат тұтады.**

Біздің мақсатымыз – жаңа қоғамдық келісім: қуатты экономика, қуатты қоғам және қуатты әлеуметтік мемлекет.

Партия сайлауға билікті мақсат тұтып емес, халықтың болашаққа деген сенімін нығайту үшін қатысады.

**Әрбір адам:**

- менің еңбегім құрметтеледі;
- менің отбасым қорғалған;
- балаларымның өз әлеуетін іске асыруға мүмкіндігі бар,- деп ашық айта алуы үшін қатысады.

Қазақстан – адамның болашағын оның еңбегі, білімі және жасампаздыққа ұмтылысы айқындайтын мемлекет болуы тиіс.

**Қазақстан Халық партиясы Әділетті, Заманауи және Қуатты Қазақстанға сенеді! Қазақстан Халық партиясы оны халықпен бірге құруға дайын!**